

## Мухамбетова ГГ

Canva қосымшасы туралы түсірілген менің youtube каналымдағы

**Видеоға ссылақ:**

<https://youtu.be/MJK89o9Zqo4>

**«Информатика мамандығының түлектері» Canva презентацияға ссылақ:**

<https://www.canva.com/design/DAES18faxzw/tGmfQhPSTYJNaka5cMLnAQ/edit>

**4- курс студенттеріне жасалған Canva презентацияға ссылақ:**

[https://www.canva.com/design/DAEQCt30pnA/JPSPkcvGe4atx8HDBLSVhg/view?](https://www.canva.com/design/DAEQCt30pnA/JPSPkcvGe4atx8HDBLSVhg/view?utm_content=DAEQCt30pnA&utm_campaign=designshare&utm_medium=link&utm_source=publishsharelink)

[utm\\_content=DAEQCt30pnA&utm\\_campaign=designshare&utm\\_medium=link&utm\\_source=publishsharelink](https://www.canva.com/design/DAEQCt30pnA/JPSPkcvGe4atx8HDBLSVhg/view?utm_content=DAEQCt30pnA&utm_campaign=designshare&utm_medium=link&utm_source=publishsharelink)

### Canva қосымшасы арқылы интерактивті презентация жасау


Canva - бұл ең қуатты және ыңғайлы графикалық құралдардың бірі. Бұл шаблондардың, графикалық элементтердің және дайын дизайнердың мол жиынтығынан тұрады.

Canva қосымшасы 2012 жылы құрылған кросс-платформалы графикалық дизайн қызметі болып табылады. Бұл сервисте кескіндерді құру дайын элементтерді және әр түрлі өлшемді шаблондарды тасымалдау принципіне негізделген. Графикалық редактор шаблондардың, фотосуреттердің, иллюстрациялар мен қаріптердің кіріктірілген кітапханасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қызмет қарапайым пайдаланушыларға да, дизайн және сандық маркетинг мамандарына да арналған. Бұл платформада Интернетте жариялауға арналған кескіндерді де, өнімдерді басып шығаруға арналған макеттерді де жасауға болады. Canva қосымшасы арқылы интерактивті презентация жасап, оны сайт ретінде сақтауға, PowerPoint-қа жүктеуге, pdf немесе mp4 форматта бейне файл ретінде сақтауға немесе интернетте жариялауға болады.


Қосымшаны іске қосу үшін келесі әрекеттер орындалады:

- 1) [https://www.canva.com/ru\\_ru/](https://www.canva.com/ru_ru/) жолын теріп, сайтқа кіру
- 2) «Зарегистрироваться» батырмасын басу
- 3) Шыққан терезеден тіркелу жолын таңдау: google-аккаунт, facebook-аккаунт немесе e-mail арқылы


Canva қосымшасы іске қосылғанда келесі бастапқы терезе шығады.




Жаңа презентация құру үшін **Создать дизайн** батырмасын басу керек.  
Шыққан терезеде **Презентация** пунктін таңдау керек.



Экранның сол жағындағы тіке менюден **Шаблоны** пунктін басып, дайын шаблонды таңдау керек. Шаблонның барлық бетін немесе қалауыңша беттерін таңдауға болады.  
Шаблонның кез келген элементін ерекшелеп, оны өз қалауыңша өзгертуге болады немесе басқа жерден әкеліп қоюға болады (CTRL+V).




“play” таңбасы бар шаблон онда анимация мен видео бар екендігін білдіреді.



Келесі бет алу үшін бет астындағы **Добавить страницу** батырмасын шерту керек. Беттің көшірмесін алу үшін бет үстіндегі **Копировать** батырмасын

басу керек. Беттің орналасу орнын сол жердегі стрелка батырмалары арқылы өзгертуге болады.


Менюдің **Загрузки** командасын таңдап, **Загрузить медиа** арқылы бейне файл немесе аудио файл қоюға болады. Ол үшін қажет папканы ашып, сол жерге библиотекаға тасымалдау қажет. Библиотекадағы файлды бетке қою үшін екі рет шерту керек. Осылайша өзің қалаған фото, бейнефайл немесе аудио файл алдымен библиотикаға кірістіріп, сонан соң бетке қойылады.




Сол жақ менюдегі **Элемент**, **Текст**, **Видео**, **Фото** пункттерін қолданып, Канвадағы дайын элементтерді қоюға да болады.

Беттің орналасу орнын бет үстіндегі жоғары не төмен стрелкалы батырмалары арқылы өзгертуге болады. Жаңа бет алу үшін бет астындағы **Добавить страницу** батырмасын немесе бет үстіндегі сәйкес батырманы шерту керек. Беттің көшірмесін алу үшін бет үстіндегі **Копировать** батырмасын басу керек. **Удалить** батырмасы арқылы қажет емес бетті жоюға болады.







Элементке анимация қою үшін экранның жоғарғы жағындағы Анимация батырмасын басу керек.




Экранға шыққан анимация түрлерінен қажетін таңдау керек.




Дайын презентацияны қарау үшін , оң жақ жоғарғы бұрыштағы **Презентация** батырмасын шерту керек. Нәтижеде ашылған терезеде **Презентация** батырмасын басу керек.




**Презентация** командасының астындағы **Копировать ссылку** командасын басып, сілтеу адресін WhatsApp –қа немесе эл. почтаға жіберіп қолданушымен бөлісуге болады.




Бұл әрекетті терезенің оң жағындағы үш нүктелі батырманы басқанда шыққан **Поделиться ссылкой** командасы арқылы да орындауға болады.



**Презентация** батырмасының сол жағындағы стрелка батырмасын шерткен кезде шыққан терезеде **Файл** типін таңдап, (мысалы стандартный pdf) **Скачать** батырмасын басып, pdf файл ретінде компьютерге жүктеп алуға да болады.




Презентация батырмасының оң жағындағы үш нүкте батырмасын шерткен кезде шыққан терезеде **Сайт** пунктін таңдап, Сайт ретінде сақтауға болады.




Открыть сайт батырмасы басылғанда сақталған файл жеке терезеде сайт ретінде ашылады. Оның адресін қолданушыға беріп немесе почтада бөлісуге болады.







Экранның жоғарғы жағындағы үш нүктелі батырманы басқаннан шыққан менюден Microsoft Power Point пунктін таңдап, Canva-да жасалған презентацияны Power Point-қа бөлісуге болады.




Дайын презентацияны сақтау үшін менюден **Файл\Сохранить** командасын орындау керек.




Менюден **Главный** пунктіне басып негізгі бетке өтуге болады.




Негізгі бетте **Все дизайны** батырмасын басса өзіңнің жасаған барлық презентацияларың шығады.



Канваға интерактивті тапсырмалар әкеліп қоюға да болады. Мысалы, learningApps қосымшасында жасалған интерактивті тапсырманы әкеліп қоюды қарастырайық. Ол үшін тапсырма сайтының адресін көшіріп, оны бетке Ctrl+V пернелер комбинациясы арқылы қою керек.



Видео файлды библиотекаға жүктемей, оның ссылкасын қою арқылы да қоюға болады.



Семинарға қатысқан барша әріптестерге зор денсаулық пен шығармашылық табыс тілеймін!